

Ақылы медициналық қызметтер көрсету туралы ЖАРИЯ ШАРТ (ОФЕРТА)

Алматы қаласы

«14» маусым 2022 ж.

Бұдан әрі «**Клиника**» деп аталатын «**LUCY**» **клиникасы**» жауапкершілігі шектеулі **серіктестігі** (2022 жылғы 19 шілдеден № 22013515 медициналық қызметке мемлекеттік лицензия) атынан Жарғының негізінде әрекет ететін директоры Виктория Валерьевна Васенькина бұдан әрі «**Пациент**» деп аталатын кез келген жеке тұлғаға, оның ішінде кәмелетке толмаған адамға (мүддесін заңды өкілі білдіреді) осы Ақылы медициналық қызметтер көрсету туралы жария шартта (оферта) (бұдан әрі «Шарт») көзделген тәртіппен және шарттарда медициналық қызметтер көрсетуді ұсынады.

Осы ұсыныс Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес оны қабылдау үшін Пациент акцепт жасауы тиіс жария оферта болып табылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 396, 397-баптарына сәйкес Шарттың талаптарын толық және сөзсіз қабылдау акцепті болып табылады, ол Шарттың 2-бабында айқындалған іс-әрекеттер арқылы жасалады.

Шарт Пациент акцепт жасаған сәттен бастап жасалған болып саналады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Клиника Пациенттің таңдауы бойынша ақылы медициналық қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал Пациент Шартта көзделген тәртіппен және жағдайларда көрсетілген медициналық қызметтерге (бұдан әрі - «қызметтер») ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Шарт бойынша Клиника көрсететін қызметтер:

- 1) Медициналық консультацияларды;
- 2) Бейінді медициналық мамандардың онлайн консультацияларын;
- 3) Дәрігерге дейінгі тексеруді;
- 4) Дәрігерлік тексеруді;
- 5) Аппараттық тексеруді;
- 6) Клиникалық-диагностикалық зертхананың қызметтерін;
- 7) Клиникалық диагнозды және ұсынымдарды қалыптастыруды;
- 8) Консервативтік (дәрі-дәрмекпен) емдеуді;
- 9) Аппараттық емдеуді;
- 10) Хирургиялық емдеуді;
- 11) Стационардың қызметтерін қамтуы мүмкін.

1.3. Қызметтер Пациент Клиникадан Пациентке қызмет көрсетілгенін растайтын тиісті медициналық және өзге де құжаттарды алған сәттен бастап көрсетілген болып есептеледі.

2. АКЦЕПТ ТӘРТІБІ

2.1. Пациент акцепт жасалғанға дейін Шарттың талаптарымен және ондағы сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасымен танысқанын растайды және келіседі.

2.2. Пациент осы Шарттың ережелері оған толық түсінікті, айқын және ескертусіз қабылданатынын растайды және келіседі.

2.3. Заңды өкіл кәмелетке толмаған адамның (Пациенттің) мүдделерін білдірген жағдайда, заңды өкіл оның барлық іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) Пациенттің мүддесі үшін және игілігі үшін жасалатынын растайды. Клиника Пациенттің заңды өкілінің (өкілдерінің) әрекетіне (әрекетсіздігіне) жауапты болмайды.

2.4. Акцептті Пациент мынадай нысандарда:

2.4.1. Клиникаға өзі жүгінген кезде жазбаша нысанда акцептеу туралы өтінішке қол қою арқылы;

2.4.2. «Lucy көз институты» мобильдік қосымшасында акцепт арқылы;

- 2.4.3. «<https://lk.lucyclinic.kz/>» сайтындағы жеке кабинетте акцепт арқылы жасай алады.
- 2.5. Пациент «Lucy көз институты» мобильдік қосымшасы арқылы келесі тәртіппен:
- 2.5.1. «Қатысу» түймесін басу арқылы «Lucy көз институты» мобильдік қосымшасында авторизациялау кезінде акцепт жасайды;
- 2.6. Пациент «<https://lk.lucyclinic.kz/>» сайтындағы жеке кабинетте мынадай тәртіппен акцепт жасайды:
- 2.6.1. Пациент бұрын тіркелген логин мен парольді пайдалана отырып, жеке кабинет арқылы авторизацияланады;
- 2.6.2. Пациент белгілі бір медициналық маманға Клиникаға қабылдауға жазбаны белгілі бір уақыт пен күнге броньдайды;
- 2.6.3. Акцепті құрайтынын жазбаны растау үшін Пациент «Шарттар мен ережелер» бетінде «Қабылдау» түймесін басу арқылы ақылы медициналық қызмет көрсету шарттарымен танысқанын растайды.
- 2.7. Акцепт жасау арқылы Пациент Клиникаға таңдап алынған медициналық қызметтерді тиісінше көрсету үшін барлық қажетті медициналық зерттеулер, тексерулер мен талдаулар жүргізуге келісім береді, сондай-ақ осы Шартқа № 1 қосымшада көзделген медициналық тексеруге ақпараттандырылған ерікті келісім береді.

3. АҚЫ ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ШАРТ БОЙЫНША ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР

- 3.1. Көрсетілетін қызметтердің құны пациенттің тиісті медициналық қызметті алу үшін Клиникаға жүгіну сәтінде қолданылатын прејскурант негізінде айқындалады.
- 3.2. Пациент Шарт бойынша тиісті қызмет құнының 100% (жүз пайыз) мөлшерінде алдын ала төлем жүргізеді.
- 3.3. Шарт бойынша төлемді Пациент Клиниканың кассасына қолма-қол төлеммен де, қолма-қол ақшасыз төлеммен де жүргізуі мүмкін.
- 3.4. Шарт шеңберінде Пациент төлеген ақшалай қаражатты қайтаруды Клиника мынадай жағдайларда:
- 3.4.1. Клиника Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы құжатпен расталған, нәтижесінде Пациентке қызметтер көрсету салдарынан негізсіз залал келтірілген;
- 3.4.2. Егер белгілі бір медициналық қызметтерді көрсету басталғанға дейін оларды Клиниканың Пациентке көрсетуіне қарсы екендігі анықталған;
- 3.4.3. Пациенттің стационарда болудың белгіленген режимін бұзуына байланысты мерзімінен бұрын шығару жағдайларын қоспағанда, Пациенттің емдеу курсы дәлелді себептермен мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда ғана жүргізетін болады. Осы тармақтың шеңберінде Клиника төленген сома мен көрсетілген қызметтердің нақты құны арасындағы айырма түріндегі ақшалай қаражатты Пациентке қайтарады.
- 3.5. Төленген қызмет бойынша ақшалай қаражатты қайтаруды фискалдық чек, төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат, сондай-ақ Клиниканың атына Пациент берген жазбаша өтініш болған кезде Клиника жүргізеді.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Пациенттің:

- 4.1.1. Көрсетілетін қызметтер, қызмет көрсету құны мен тәртібі туралы ақпарат алуға;
- 4.1.2. Қызметтер көрсету процесінде Клиника персоналының лайықты, құрметпен қарауына;
- 4.1.3. Клиниканың жұмыс кестесіне сәйкес қызмет көрсету уақытын келісуге (қабылдауға жазылу жеке келу, телефон арқылы немесе Клиниканың ресми интернет-ресурсы немесе мобильді қосымша арқылы Пациенттің өтінімі жіберу жолымен алдын ала жазылу арқылы жүргізіледі);
- 4.1.4. Пациенттерді қабылдау кестесін ескере отырып, Клиника мамандары қатарынан емдеуші дәрігерді таңдауға;

4.1.5. Пациент үшін қолжетімді нысанда диагнозы, емдеудің ұсынылатын және баламалы әдістерінің ықтимал тәуекелдері және ықтимал артықшылықтары туралы ақпаратты (олар болған кезде), емдеуден бас тартудың ықтимал салдары туралы мәліметтерді, сондай-ақ емдеу іс-шараларының болжамы мен жоспары туралы ақпаратты алуға;

4.1.6. Шарт бойынша қызметтерді алудан толық немесе ішінара бас тартуға құқығы бар. Ықтимал салдары көрсетілген медициналық араласудан бас тарту медициналық құжаттардағы жазбамен ресімделеді және оған Пациент (не оның заңды өкілі) және Клиниканың медицина жұмыскері қол қояды;

4.1.7. Клиникадан тиісті сапада қызмет көрсетуді талап етуге **құқығы бар**.

4.2. Пациент:

4.2.1. Шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда көрсетілетін қызметтердің құнын төлеуге;

4.2.2. Шарт бойынша қызмет алу процесінде Клиниканың медициналық персоналына жәрдем көрсетуге;

4.2.3. Клиниканың ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Клиниканың персоналына, пациенттеріне және келушілеріне қатысты өзін дұрыс ұстауға;

4.2.4. Клиниканың мүлкіне ұқыпты қарауға;

4.2.5. Клиниканың мүлкіне және/немесе жабдықтарына (медициналық және өзге мақсаттарға арналған) зиян келтірілген жағдайда келтірілген залалды Клиниканың жазбаша талабы бойынша оған белгіленген мерзімде толық көлемде өтеуге міндеттенеді. Бұл ретте залалдың көрсетілген құнын Клиника ішкі есепке алу деректеріне сүйене отырып анықтайды;

4.2.6. Клиника сұратқан Пациенттің денсаулық жағдайын сипаттайтын ақпарат пен құжаттарды ұсынуға;

4.2.7. Ауырған аурулар туралы және/немесе аллергиялық реакциялар мен қарсы көрсетілімдердің болуы туралы, басқа да дәрілік заттарды қабылдау туралы, сондай-ақ тиісті қызмет көрсету және Пациенттің денсаулығы үшін зиянды салдардың туындауын болдырмау үшін қажетті өзге де ақпаратты хабарлауға.

4.2.8. Қызмет көрсету процесінде, сондай-ақ емделу және/немесе тексеруден өту кезеңінде өз денсаулығының өзгеруі туралы уақтылы хабарлауға;

4.2.9. Шарт бойынша Қызметтерді алу процесінде Клиника мамандарының ұйғарымдары мен ұсынымдарын қатаң орындауға міндеттенеді. Олай болмаған жағдайда Клиника Пациенттің денсаулық жағдайына байланысты жағымсыз салдардың туындауы үшін жауапты болмайды;

4.2.10. Клиниканың ішкі тәртіп ережелерін сақтауға және қоғамдық адамгершілік пен моральдың жалпы қабылданған ережелерін сақтауға **міндеттенеді**.

4.3. Клиниканың:

4.3.1. Шарт бойынша Пациентке қызмет көрсетудің әдістері мен дәйектілігін дербес айқындауға;

4.3.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, әртүрлі бейіндегі мамандарды Қызметтер көрсетуге қатысуға тартуға;

4.3.3. Кешігу себебіне қарамастан, Пациент қабылдауға 15 (он бес минуттан) артық кешіккен жағдайда оны қабылдаудан бас тартуға құқығы бар. Бұл жағдайда Клиника Пациентпен келісім бойынша Клиниканы қабылдау кестесіне сәйкес Пациенттің басқа уақытқа жазылуын жүргізеді;

4.3.4. Клиниканың таңдауы бойынша - мынадай жағдайларда қызмет көрсетуді тоқтата тұруға не қызмет көрсетуден бас тартуға **құқығы бар**:

- 1) Пациенттің Шарттың 4.2.2 - 4.2.8-тармақтарында белгіленген міндеттемелерді бұзуы;
- 2) Пациент Шарт бойынша Клиника көрсететін қызметтер үшін алдын ала ақы төлемеуі;
- 3) Пациентте қызмет көрсету процесінде бейінді емес аурулардың анықталуы (табылуы);
- 4) Пациенттің медициналық айғақтары бойынша физиологиялық жағдайының теріс болуы салдарынан Пациентке тиісті қызмет көрсетудің мүмкін болмауы;
- 5) Пациенттің Шарт бойынша Клиниканың тиісті қызмет көрсетуіне тікелей әсер ететін денсаулық жағдайы туралы ақпаратты жасыру фактісінің табылуы (анықталуы).

4.4.Клиника:

- 4.4.1.Тиісті сапада және ақылға қонымды мерзімде қызметтер көрсетуге (Пациентті қабылдаған күні барлық қызмет түрлерін көрсету техникалық мүмкін болмаған жағдайда Пациент үшін қолайлы уақытқа Клиниканы қабылдау кестесіне сәйкес жазу бойынша қызметтерді ауыстыруға);
- 4.4.2.Клиника бейіні бойынша құзыретті, жоғары білікті мамандарды тарта отырып, Пациентке қызметтер көрсетуге;
- 4.4.3.Пациентке диагностика мен емдеудің танылған технологиялары мен әдістерін қолдана отырып, Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген тиісті медициналық жабдықты пайдалана отырып, қызметтер көрсетуге;
- 4.4.4.Қазақстан Республикасында бекітілген Клиникалық хаттамаларға және өзге де қолданылатын нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қызметтер көрсетуге;
- 4.4.5.Басқа денсаулық сақтау субъектілері берген үзінділер мен аурулардың тарихына түсініктеме беруге;
- 4.4.6.Егер қызметтер көрсету кезінде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес күтпеген жіті аурулар, жай-күйлер, асқынулар, созылмалы аурулар кезінде Пациенттің өміріне төнетін қатерді жою үшін шұғыл айғақтар бойынша қосымша медициналық қызметтер көрсету қажет болған жағдайда, алдын ала ақы алынбай медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етуге.
- 4.4.7.Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Пациентке көрсетілген қызметтердің түрін, санын және құнын растайтын құжаттарды ұсынуға **міндеттенеді**.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 5.1.Шартта көзделген міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 5.2.Клиника:
- 5.2.1.Шарт шеңберінде Пациентке көрсетілген қызметтердің сапасы;
- 5.2.2.Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген диагностика, профилактика және емдеу әдістеріне қойылатын талаптарды сақтамағаны үшін жауап береді.
- 5.3.Клиника қолайсыз салдар туындаған кезде мынадай жағдайларда:
- 5.3.1.Пациенттің бұрын емдеу курсымен сыйыспайтын аурулар, организмнің физиологиялық ерекшеліктері туралы және/немесе аллергиялық реакциялар мен қарсы көрсеткіштердің болуы туралы ақпаратты жасыруы немесе бұрмалауы;
- 5.3.2.Пациенттің Клиника режимді бұзуы және/немесе мамандарының міндетті нұсқамалары мен ұсынымдарын орындамауы;
- 5.3.3.Пациентте Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген препараттар мен материалдарға аллергиялық реакцияларының және/немесе жеке көтере алмаушылықтың туындауы;
- 5.3.4.Емдеу кезеңінде не емдеу аяқталғаннан кейін Шарт бойынша Қызметтер көрсетуден тікелей туындамайтын (байланысты емес), бірақ Пациент ағзасына медициналық препараттардың әсерімен тікелей байланысты Пациент ағзасының жай-күйінің өзгерістері анықталуы немесе туындауы;
- 5.3.5.Егер Пациент медициналық емдеудің нақты әдісін талап етсе, онымен байланысты тәуекелдер туралы хабардар етілсе және ол өзінің (немесе оның заңды өкілінің) қолымен растауы тиіс жауапкершілікті өзіне қабылдауға келіссе;
- 5.3.6.Қызметтер көрсетілгеннен кейін пайда болған, бірақ Клиниканың тиісті қызмет көрсетуі салдарынан (нәтижесінен) тыс Пациенттің денсаулық жағдайы нашарлаған жағдайда;
- 5.3.7.Пациент Клиника мамандарының нұсқамалары мен ұсынымдарына қарамастан Пациент дербес сатып алған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды пайдаланған жағдайларда Пациент алдындағы жауапкершіліктен босатылады.

5.4. Пациенттің және/немесе Пациентті алып жүретін адамдардың іс-әрекеттерінен/әрекетсіздігінен туындаған жабдықтың және/немесе өзге де мүліктің жоғалуы немесе бүлінуі салдарынан Пациент Клиникаға залал келтірілген жағдайда жауапты болады. Мұндай жағдайда Пациент келтірілген залалды Клиникада көрсетілген құны бойынша және мерзімде өтеуге міндеттенеді.

6. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

6.1. Шартты орындауға байланысты туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар жазбаша түрде расталатын келіссөздер (шағымдар, кездесулер хаттамалары және өзге де хат алмасу) жүргізу арқылы шешетін болады.

6.2. Шағымды қарау мерзімі кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күнді құрайды.

6.3. Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен реттелмеген даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиниканың орналасқан жері бойынша сот тәртібімен (шарттық соттылық) шешілуге тиіс.

7. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ

7.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Пациент Пациенттің Шарттың 2-бабында көрсетілген іс-әрекеттерді жасауы Шарт бойынша Қызметтер көрсетуге жазылу, Клиниканың ресми сайтында есептік жазбаны тіркеу, Клиниканың мобильді қосымшасында тіркеу процесінде хабарлаған, не Шарт бойынша қызметтерді алу процесінде Клиникаға берілетін өзінің дербес деректерін, сол секілді заңды өкілі, не Пациентті алып жүретін тұлға кәмелетке толмаған адамдардың дербес деректерін, соның ішінде (бірақ шектелмей): тегін, атын, әкесінің атын, жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін, туған күнін, жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН), телефонның байланыс нөмірін, тұрғылықты жерін, электрондық поштаның байланыс мекенжайын, жұмыс түрін, отбасы жағдайын, клиенттің медициналық картасын жасау үшін қажетті деректерін, өмір анамнезін, аурудың анамнезін, басқа да медициналық құжаттаманы, сондай-ақ Пациенттің өмір салты мен жай-күйіне қатысты кез келген басқа да деректер ұсынуға толық және ақпараттандырылған келісімі болып табылатындығын мойындайды және келіседі.

7.2. Пациент Клиникаға дербес деректерді ұсыну тиісті қызмет көрсету мақсатында жүзеге асырылатынын мойындайды және келіседі. Пациент Клиникаға дербес деректерді өңдеуге келісім береді, ал Клиника Сатып алушы оларды беруге (өңдеуге) келісім берген сәттен бастап Пациент ұсынған дербес деректерді сақтауға және пайдалануға құқылы.

7.3. Дербес деректерді өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және өзіне жинауды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), сұрыптауды, пайдалануды, иесіздендіруді, трансшекаралық беруді, бұғаттауды, жоюды қамтиды. Клиника автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып, дербес деректерді өңдеуді жүзеге асырады.

7.4. Пациент 7.3-тармақта көрсетілген тәсілдермен Шарттың 7.1-тармағында көрсетілген өзінің дербес деректерін өңдеуге құқық беруге Клиникаға толық және ақпараттандырылған келісім береді. Пациенттің талабы бойынша Клиника, егер мұндай жағдай орын алған болса, Пациенттің дербес деректерін үшінші тұлғаларға беру туралы ақпарат беруге міндеттенеді.

7.5. Пациент қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бұзушылықтарды анықтау және Клиникалардағы бейнебақылау туралы Ережеде көзделген өзге де мақсаттарда Клиника ғимаратында бейнебақылауды (фотосуреттер, аудиожазбасы бар бейнежазба түрінде) жүзеге асыруға Клиникаға толық, шартсыз және қайтарымсыз келісім береді.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Осы Шарт Клиниканың ресми сайтында орналастырылған сәттен бастап, ал нақты Пациент алдындағы міндеттемелерге қатысты - ол акцепт жасаған сәттен бастап күшіне енеді.

8.2. Клиника Шартқа кез келген уақытта өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы, бірақ мұндай өзгерістер Клиниканың ресми сайтында жариялау арқылы жалпы жұрттың назарына жеткізілуі тиіс. Бұл ретте жасалған Шарттарға өзгерістер және/немесе толықтырулар Пациентке олар енгізілгеннен кейін қызметтерді алған жағдайда қолданылады.

8.3. Осы Шарттың ережелерін өзгерту жасалған Шарттардың тиісті ережелерін өзгертуге әкеп соғады.

8.4. Тараптар Қызметтер көрсету шеңберінде алынған басқа тараптың құпия ақпаратын сақтауға және Шартта айтылған жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғалар тарапынан оған қол жеткізуді шектеуге міндеттенеді. Үшінші тұлғалардың шектеулі қол жеткізуіне байланысты белгілі бір құндылықты білдіретін ақпарат, сондай-ақ Клиниканың бастамасы бойынша «құпия» мәртебесі берілетін өндіріс құпиялары, ноу-хау, қызметтік, коммерциялық және өзге де ақпарат құпия болып табылады.

8.5. Шартта көзделмеген барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

8.6. Осы Шарт шеңберінде Тараптардың қатынастарына қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

8.7. Тараптар арасындағы барлық хабарламалар, өтініштер және өзге де ресми хат алмасу Шартта немесе Акцептеу туралы өтініште немесе жеке кабинетте көрсетілген деректемелер бойынша жүргізілуі тиіс. Пациенттің дұрыс көрсетілмеген байланыс ақпараты Пациенттің хабарламалар мен өзге де ресми хат алмағаны үшін Клиникадан жауапкершілікті алып тастайды.

9. КЛИНИКАНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

«LUCY» клиникасы» ЖШС

Мекенжайы: 050026, Қазақстан, Алматы қаласы, Гоголь

көшесі, 253/5 ғимарат

БСН: 210740025261

ЖСК: KZT KZ14601A861003106461

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да

БСК: HSBK KKH

E-mail: info@lucyclinic.kz

Директор

Виктория Валерьевна Васенькина

М.О.



*Ақылы медициналық
қызметтер көрсету туралы
2022 жылғы «14» маусымдағы
шартқа № 1 қосымша*

Дәрігерді және медициналық ұйымды таңдау кезінде алғашқы медициналық-санитариялық көмек алу үшін медициналық тексеруге ақпараттандырылған ерікті келісім

«LUCY» клиникасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек алу үшін осы Шарттың тізбесіне енгізілген медициналық тексеруге (қызметтер кешені) ерікті түрде ақпараттандырылған келісім (кәмелет жасына толмаған адамды алып жүретінге қатысты) беремін.

Тексеру алдында менде қандай да бір препараттарды көтере алмаушылықтың немесе аллергиялық реакцияның болуы туралы, маған бұрын жүргізілген процедуралар немесе араласулар, жарақаттар туралы, сондай-ақ тексеру немесе емдеу процесіне әсер етуі мүмкін белгіленген аурулар немесе жеке реакциялар мен ерекшеліктер туралы барлық мәліметтерді, сондай-ақ өзім қабылдайтын дәрі-дәрмектер туралы мәліметтерді хабарлауға міндеттенемін.

Маған мыналар түсіндірілді:

1. Диагнозды қою үшін көру органдары мен көру функцияларын зерттеудің жанасусыз және жанаспалы әдістері пайдаланылатын болады.
2. Зерттеудің жанаспалы әдістері:
 - қасаң қабық эрозиясын;
 - пайдаланылатын препараттарға аллергиялық реакцияларды;
 - субконъюнктивальды қан құйылуды тудыруы мүмкін;
 - клиникалық белгілерсіз вирустық аурулардың инкубациялық кезеңіндегі пациенттерде тексеру тексеруден кейін бір немесе бірнеше күннен кейін осы аурулардың асқынуына себеп болмайды.
3. Көз түбін тексеру кезінде мидриаз (қарашықтың кеңеюі) және циклоплегия (аккомодациялық бұлшық еттің босаңсуы) 2-12 сағат бойы жеке сақталуы мүмкін. Ерекше сезімтал пациенттерде жеңіл мидриаз және циклоплегия едәуір ұзақ (12-24 сағатқа дейін) сақталуы мүмкін. Бұл құбылыстар кезінде жақын арақашықтықта жұмыс істеу қиынға соғуы мүмкін.
4. Тексеру кезінде қолданылатын дәрілік препараттар жеке жағдайларда жанама әсер етуі мүмкін.